«БЕКІТЕМІН»:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
мектебінің директоры
Б.С. Длимбетова

«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

Әлеуметтік педагогтың 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық есебі

Әлеуметтік педагог: Жеңісәлі А.Ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2025–2026 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Жұмыс барысында оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, балалардың құқықтарын қорғау, профилактикалық жұмыстар жүргізу және ата-аналармен байланыс орнату бағыттары қамтылды.

2025-2026 оқу жылының қыркүйек айының мәліметі бойынша жалпы бала саны -894. Толық отбасы - 836, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушы-1, көп балалы отбасы - 408, жартылай жетім балалар саны-49, жалғыз басты ана саны -41, жалғыз басты әке саны -8.

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылып, нормативтік-құқықтық құжаттар жинақталды. Сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік жағдайына зерттеу жүргізіліп, мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналыстарында бала құқығы мен ата-ана міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары өткізілді. Оқушылар арасында «Мектептегі бала құқығы» тақырыбында ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Орта буын оқушылары арасында «Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында құқықтық түсіндіру жұмыстары өткізіліп, 5–10 сынып оқушыларына арналған «Өмір құндылығы» тренингі ұйымдастырылды.

III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс

Мектепішілік есепте тұрған және құқықбұзушылыққа бейім оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына актілер жасалып, бақылау жүргізілді. Жаңа жылдық мерекелерге әлеуметтік көмекті қажет ететін, тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар қатыстырылды.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жұмысы

Жетім, қамқорлықтағы оқушылардың үйлеріне барып, зерделеу жұмыстары жүргізілді. Сабақтан себепсіз қалатын оқушылармен психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жұмыстар жүргізілді. Кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөліммен және комиссиямен байланыс орнатылып, бірлескен жұмыстар атқарылды. Ата-әжесінің тәрбиесінде жүрген оқушылардың әлеуметтік жағдайына бақылау жүргізілді.

2025 жылғы 4 желтоқсан күні мектепте «Бірлік пен мейірім» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Іс-шараға оқушылар белсенді қатысып, үйлерінен әртүрлі тағамдар және өнімдер әкеліп сатылымға шығарды.

Жәрмеңкеден түскен қаражат көпбалалы отбасыға материалдық көмек ретінде табысталды.

Нәтижесі:

Іс-шара оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, қайырымдылық пен мейірімділік құндылықтарын дамытуға ықпал етті.



2026 жылғы 16 наурыз күні Наурыз мерекесіне орай «Ұлттық мәдениет» атты жәрмеңке өткізілді. Оқушылар мен ата-аналар ұлттық тағамдар дайындап, мектеп ішінде сатылым ұйымдастырды. Жиналған қаражат қайтадан көпбалалы отбасыға көмек ретінде берілді.

Нәтижесі:

Іс-шара ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеумен қатар, оқушылардың әлеуметтік белсенділігі мен қайырымдылыққа деген көзқарасын нығайтты.



V. Ата-аналармен профилактикалық жұмыс

Ата-аналар жиналыстарына қатысып, әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың ата-аналарымен тұрақты байланыс жүргізілді.

2026 жылғы 22 қаңтарда мектепте жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында оқу-тәрбие процесіне қатысты жалпы мәселелермен қатар, әлеуметтік бағыттағы профилактикалық жұмыстар да қарастырылды.

Атап айтқанда, ата-аналарға оқушылардың мектептегі тәртібі, сабаққа қатысуы, әлеуметтік-психологиялық жағдайы және жасөспірімдер арасындағы жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу бойынша

түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, отбасындағы тәрбие мәдениеті және интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалану мәселелері талқыланды.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, кері байланыс орнатылды. Бұл жұмыс ата-аналармен өзара түсіністікті нығайтуға және профилактикалық шараларды күшейтуге ықпал етті.



Ерекше білімді қажет ететін және әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың білім алу жағдайы бақылауда болды. Наурыз айында ата-аналар арасында «Отбасы жарастығы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

Жыл соңында әлеуметтік педагог қызметінің қорытынды есебі дайындалды. Оқу жылы барысында атқарылған жұмыстар талданып, келесі оқу жылына арналған жоспар әзірленді.

Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылында әлеуметтік педагог жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылды. Оқушылардың әлеуметтік қорғалуы, құқықтарының сақталуы және әлеуметтік қолдау көрсету бағытында қажетті жұмыстар атқарылды.